

## БОҚТЫ КӨТЕРІЛІСІ

Акишев А.Н., магистрант

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті  
Қарағанды қ., Қазақстан

Қазақстан тарихының күнгірт, көмескі тұстарына қатысты мәселелер толып жатыр. Қазақ халқының XX ғасырдағы тарихында бірнеше қоғамды басынан өткергені мәлім. 1917 жылғы Қазан революциясынан кейін алға қойылған қоғамдық-саяси және экономикалық мақсаттарды жүзеге асыру үшін Кеңес үкіметінің халыққа қысым жасағаны озбырлық шараларды жүзеге асырғандығы белгілі. Әсіресе, бұл саясат Голощекиннің Қазақстанға келуімен байланысты. 1925 жылдың 12 қыркүйегінде Ф.И.Голощекин Қазақстанның сол кездегі астанасы Қызылордаға (Ақмешіт) келді. Республикаға келісімен Голощекин қанқұйлы қимылға көшті. Ең әуелі «1917 жылдың қазанынан 1925 жылдың қыркүйегіне дейін Қазақстанда Кеңес өкіметі болмаған, коммунист партия ұйымы мұнда жоқ деген» солақай тұжырым жасады [1].

Жаңа хатшы революция талқандаған империяның артта қалған шет аймағында тұратын, капитализмге соқпай, бірден социализмге бет алып келе жатқан бұл халықтың өзіндік ерекшеліктері бар екенін елеп-ескерген жоқ. Ол ауылды Октябрь болған жоқ, тап тартысы байқалмайды, кедейлер комитеті де, кулактардың мал-мүлкін ортаға салу болған емес, тіпті ауылда коммунистер атымен жоқ деп мәлімдеме жасады. Осы пікірді желеу еткен Голощекин қазақ жерінде «Кіші Қазан» революциясын жүргізу үшін, Сталинге хат жолдады. Соңынан Москва тарапынан мақұлдатып алған «Кіші Қазан» теориясымағы бүкіл бір ұлттың азып-тозуына алып келді.

1928 жылы ірі байларды тәркілеу, жер аудару науқаны басталды. Осыған іле 1930-1931 жылдары жаппай колхоздастыру салдарынан, олар малдарынан, құрал-жабдықтарынан айырылып, ақыры халық аштыққа ұшырады. Мыңдаған шаруалар атамекендерін тастап, күнкөрісі бар жерлерге көшін кетті. Қазақстанның көп жерінде шаруалар, орташалар үкіметтің осындай саясатына ашықтан-ашық наразылық білдірді. Ол бірсыпыра жерлерде қарулы көтеріліске ұласты.

Баспасөзде жарияланған ресми деректерге сүйенсек, 1929-1931 жылдары Қазақстанда 372 көтеріліс болған. Оларға 80 мыңға жуық адам қатынасқан. Әсіресе, Семей губерниясының Абыралы, Шыңғыстау, Шұбартау, шаруаларының қозғалыстары ерекше болған. Бокты оқиғасы да соның бір тарауы.

Бокты - Қарқаралы ауданының солтүстігіндегі орналасқан тау. Бұл жер бұрынғы Қарқаралы уезі, Ақсары болысына қарасты №1 ауылдың мекені. 1928 жылы бұл ауыл Қу ауданына №10 ауыл болып қосылған. Жергілікті халық бұл көтерілісті «Қаралар көтерілісі» деп те атайды. Себебі көтеріліске қатысушылардың басым кепшілігін Қаракесек руының, қара тармағынан тарайтындар құраған [2].

Мыңғыш (Мыңғырбай) Байдәулетұлы қырық жылға жуық болыс болған. Ол кісі 1917 жылы дүниесін салған. Бокты тауының елкесінде негізінен сол Мыңғыш болыстың езімен бірге туған бес інісінің үрім-бұтағы орналасқан, билік жүргізген. Осы Ақсары болысының №1 ауылында 1920 жылғы мәлімет бойынша 240 шаңырақ тұрған. Мұның үштен екісі Мыңғыш болыстың ұрпағы. Осы ауылда тұрған сол кездегі шаруаларда 30 мың жылқы, 70 мың қой, 16 мың ірі қара болса, Мыңғыш болыстың езі мен інілерінде 10 мыңнан астам жылқы болған [3].

Бокты көтерілісін Сәрік байдың балалары Әшкер мен Әбді дайындап, тікелей басшылық жасаған. Бұлардың інілері, балалары көтерілісті ұйымдастыруда әкелеріне көмектесіп, олардың тапсырмаларын орындап отырды. Атап айтқанда Мұқаш, Хамза, Ыбырай, Океш, Әлденбек көршілес ауылдарға барып отрядтар ұйымдастырған, мінетін аттарды, қару-жарақты, азық-түлікті дайындаған.

Бокты көтерілісіп ұйымдастыруға Семей қаласында тұратын Шыңғыстау, Абыралы, Шұбартау, Балқаштағы көтерілістердің басшыларымен байланысы бар, елдегі жалпы саяси жағдайды білетін Алаш партиясының екілдері басшылық жасап көмек керсетіп отырған. Атап айтқанда, Семейдің Қызылтау ауданының азаматы Мәкет (Махмет) Нурсултанов тұз өндіретін кәсіпорында істеген, «Батпақ булақ» колхозында басқарма болған, Бокты тауының күншығысындағы Шалжан төренің ауылына орналасып, көтерілісшілердің басшылары Әшкер, Әбдіменен кездесіп, көтерілісті дайындауға тікелей басшылық жасаған, олардың мақсаттары үйлестіріп отырған. Мәкеттің баласы Көктай Абыралы мен Шыңғыстаудағы көтерілісшілермен, Семей қаласымен үнемі байланыс жасап, қажетті ақпараттар жеткізіп отырған [4].

Қу болысының жігіті, оқытушы Жақаманұлы Әміре 1921 жылы Ақаев Қасен байды жақтады деген айыппен партиялық тазалауда партия қатарынан шығарылып, мұғалімдіктен босатылған. Бұл да Семей қаласында Мәкет сұлтанмен танысып, Боктыдағы Әшкердің ауылына Семейде шығып тұратын «Алаш» газетін әкеліп, өзге жерлердегі көтерілісшілердің іс-әрекеттерімен таныстырып, Жиылыс өкіметін құлатуды жоспарлаған. Мыржық болысының № 5 ауылының сауатты жігіті Мусатайұлы Шайқы да Кеңес өкіметіне қарсы үгіт жүргізгені үшін жер аударылған. Мерзімін өтеген кейін көтерілісшілерімен қатынас жасап, отряд құруға қатысқан. Ақмола лагерінде Жақаманның Әміресімен бірге болған, сотталған И.И.Пахомиков, В.С.Власов, В.А.Швецов деген орыс азаматтары да лагерьден қашып шығып, Бокты тауындағы көтерілісшілерге қосылған. Олар көтерілісшілерді мылтық атуға, дау-дамай жүргізуге үйреткен.

Мінекей, Бокты көтерілісі бірнеше кісілер ұйымдастырған кездейсоқ оқиға емес, жүздеген адамдардың қатысуымен дайындалған, алдына арнаулы мақсат қойған, ұйымдасқан күш. Көтерісшілер үкіметті құлатып, Алаш үкіметін орнатуды саяси мүдде қылып қойған, саяси ұрандары: «Жасасын, Алаш» өздерінің Ай мен Жұлдыз белгісін салған ақ тулары болған. Көтерілісшілер өздеріне қажетті біраз қару да жинаған. 1921 жылы атаман Дутовтың есауыл Токарев бастаған отряды Қытайға қашқанда осы Бокты тауының баурайымен Аягөзге өткені, олардан қалған қару-жарақты, гранатаны қолға түсіріп алған. Ал қару-жарақты сақтап, жөндеуде Абыз қыстағында тұрған шебер ұста Абылайұлы Асқар Әшкерге тікелей жәрдем жасаған. 1931 жылдың ақпан айында фельдшер Дүтбаев, Рязанцевтің Қарқаралыға үш мың патрон, бірнешеу винтовкалар апара жатқанын Мәкет сұлтанның баласы Көктай хабарлаған. Көтерісшілердің отряд бастаушылары Әлденбек, Қайдар олардың жолын тосып, Бекетшілік деген жерде тонап, әкеле жатқан қаруларын тартып алған. Ал негізінен көтеріліске қатысқан шаруалардың көпшілігінің қарулары шокпар, сойыл, найза, балта болған, бірлі-жарымында ғана бытыралы шиті мылтықтар баршылық еді.

Даярлық жұмыстары бірқатар жүргізілгеннен кейін Жұматайдың Уақасы деген байдың ауылында 1931 жылы 2 наурыз күні ақсақалдардың, бай-билердің, көтеріліс басшыларының съезі өткен. Съезде Жақаманов Әміре, Нурсултанов Мәкет Шұбартау, Абыралы аудандарындағы көтерілістердің барысы жайында, көтеріліске әзірлік жайында хабарлама жасаған. Съезде Қарқаралы, Қу аудандарында Совет өкіметін құлату мақсаты қойылған, көтерілісті көз Сәрікұлы Әшкер мен Әбдіге жүктелген. Сол 2 наурыз күні түнде Дүйсенжанның Шамшорасы деген байдың үйінде бүлік басшыларының құпия кеңесі өтіп, Әбдіге көтерілісті 7-8 наурыз күндері бастауға ресми түрде рұқсат берілген. Көтерісшілер бірнеше отрядқа бөлініп, 7-8 наурыз күндері қарулы қимылды бастап, «Кедей-тендік», «Балшық бұлақ», «Татыбай» колхоздарын, Қадыр қыстағындағы совхоздың мал семіртетін қорасын, Майдан қыстағындағы «Скотовод» бөлімшесін, ондағы кооперат ивті басып алған «Кедей-тендік» колхозының Жарыққұдық деген жердегі №10 Бүркітті ауылдық Кеңесін және басқа да ауылдың басқарушы адамдарын, партия, отырыс қызметкерлерін тұтқынға алып, оларды Бокты тауының бауырындағы Исабай деген қыстақта бірнеше күн тұтқында ұстаған. Тұтқынға алынғандар: Әбділдин Масайын ауылдық Кеңестің төрағасы, Тоқтанов Бәлібек ауылдық Кеңестің хатшысы, Шорабаев Ғабду - «Скотоводтын» директоры, Мейрамбеков Кәріпбек - совхоз кәсіподақ комитетінің төрағасы. Құсайынов Садық, Боранбаев Мұқажан -

ауылдағы бас милиционерлер. барлығы 14 адам. Бір жұма өткеннен кейін Қу ауданы ОГПУ-ның арнаулы тапсырмасымен Ахметов Күлшәріп басқарып келген кісілер түнде Исабай қорасындағы түрмені күзетін тұрған Исабайдың қос баласын және бір күзетшіні алдап қолға түсіріп, атып тастаған, тұтқындарды тегіс босатып алып кеткен.

Айтып отырған Боқты көтерілісіміз сонау жиырмамыншы жылдардың соңы мен отызыншы жылдардың басында өткен. Айналырған сол үш жылда қазақ даласында төрт жүзге тақау көтеріліс болыпты. Бұл – ресми деректердің сілемі. Олай дейтініміз, сондай талай көтеріліс, толқулар қағаз бетіне түспей қалған. Түссе, тұмшаланған. Шеке леріне «Мәңгі құпия» деген гриф қойылған. Сол гриф әлі алынбай келеді.

Жақында ғана сол көтерілістердің энциклопедиясы шықты. Академиялық энциклопедия. Содан іздеген-дерімізді таба алмадық. Оны айтасыз, өзіміздің Тоқырауын (Ақтоғай) көтерілісі туралы бір ауыз сөз таппадық.

Осыдан кейін не айтуға болады?

Сөз қылып отырған Боқты көтерілісі туралы да тапқан дерегіміз шамалы. Ақпарат кеңістігін шарлап та тұщымды дүниеге жолықпадық. Бір қарағанда бар сияқты, бір қарасаныз жоқ сияқты. Бар болатыны С.Нығметжановтың, Ю.Поповтың, Ж.Алпысбаеваның көңілге қонымды жазбалары бар. Қалғанының бәрі – жақсылы-жаманды көшірмелері.

Қайсысын ашып қарасақ та, шаруалар көтерілісі деген жазбаны көресіз. Сол-ақ екен көз алдыңызда қолдарына айыр, аша ұстаған жүдеу жандар тұра қалады. Мынау Ресей фильмдерінде сондай әйелі-еркегі аралас тобырлар жүруші еді. Соның елесі ме деп қаласыз.

Сонымен, Боқты көтерілісі дегеніміз не? Оның мәртебесі қандай болмақ? Шаруалар көтерілісі ме?

Ең алдымен, бұлар сай-саладан, қырдан-ойдан жиналған тобыр емес. Бір аймақтың, болмаса, өңірдің тұрғындары. Демек, бұлар бір-бірімен туыс жандар. Қан туыстығы – қандай көтерілістің болсын, ішкі қуатын арттыратын факторлардың бірі. Шаруалар көтерілісі дейін десек, көтеріліс басшыларының барлығы да сол кездегі сауатты, көзі ашық, ел тізгінін ұстаған бақуатты азаматтар. Оның үстіне шиті мылтық, берденке, винтовка, гранаталары болған. Оздеріне жоқ қаруды өзгелерден тартып алған. Демек, осы бас көтерулеріне алдын ала дайындалған. Көтерілісшілер сапына советтік қызыл аппаратта қызметте болған, кейін сенімсіздік көрсетіліп жұмыстарынан тайдырылған партократтар да тартылған. Түрлі себептермен қазақ даласына жер аударылған орыс қашқындары да осы топты тапқан. Олар көтерілісшілерді соғыс тактикасына дағдыландырған, қару соғуға қатысқан. Және айнамай аяғына дейін тұрған.

1931 жылғы 8 майда ашылған №02157 істің айыптау қорытындысында былай деп жазылған: «1931 жылы наурыздың ортасында мүлкінен айрылған ағайынды байлар Серіков Әбді, Әшкер, Мұқаш, Ыбырай және олардың балалары ауылда коллективтендіру тәрізді саяси шаруашылық науқанын жүргізу, тап ретінде байлар мен құлақтарды жою кезінде Қазақстанда Кеңес үкіметі құлайды деген өсек таратып, Қу және Қарқаралы аудандарының территориясында құрамында 500- 600 адамы бар контрреволюциялық банды ұйымдастырған. Олар біраз ауыл кеңестерін, колхоздарды, коммунистерді, қару-жарақты басып алып, Кеңес үкіметін құлатып, байлардың үкіметін құруды мақсат еткен» [5].

Бұл көтеріліс басқа өңірлермен байланыс орнатып, жаушы ұстаған. Ол аз десек, көтерілісшілердің штабы болған. Көтерілісшілердің құрылтайы шақырылып, оның мақсаты, жоспары дәйектелген. Демек, бұл шаруалар көтерілісі емес.

Көтеріліс бір күнде бірнеше жерден бас көтерген. Оның құпиялығы сонша, советтік жаншу аппараты алғаш бетте дәрменсіздік танытқан. Көрші аудандардың чекистерінен көмек сұрауға мәжбүр болған.

Олай болса бұл көтеріліс – халықтық көтеріліс!

Қызыл кепеу, милиция өздерінің дәрменсіздігін бүркемелеу мақсатымен бұларға қарақшылар деп қара таңба басқан. Дұрысы, қызыл таңба!

Ойткені, оларды қалың бұқараға бөжекей етіп көрсетіп, банды деген!

Кісі өлтіруші, тонаушы, зорлықшы топ ретінде тергеусіз, сотсыз атып тастап отырған.

Көтерілісті басуға Семей губерниясының үш ауданының әскери отрядтары тартылған. В.Михайлов «Ұлы жұт жылнамасы» кітабында былай дейді: «В городе около 300 человек заключенных последние дни абсолютно ничего не получают и живут на передачах, если кому носят. В домзаке цинга, обострение туберкулеза, цинга в детдомах».

Бұл 1931-1932 жылдардағы Қарқаралыдағы жағдай. Оздері нан тауып жей алмай отырып, осыншама адамды қамақта ұстаулары қалай? Бұлар кісі өлтіруші, болмаса ұрықары емес, бұлар банда-бүлікшілер еді. Бүлікшілердің атылғандары атылып, аман қалғандары еді бұлар. Бұл үштіктің үкімі шыққанымен, жергілікті үкімет сол үкімдерін өздері орындай алмай жатқан түрі бо- латын.

Боқты көтерілісін зерттеу базасы жеткілікті. Қанша адам атылды, қаншасы итжеккенге айдалды? Бәрі белгілі. Қағаз бетіне түспеген белгісіз тұстары да жетерлік. Олай болса, кез келген дерекке жітілікпен қарау керек болады.

Осы жерде мынадай бір деректі айта кетейік.

Тоқсаныншы жылдардың аяғында белгілі жорналшы Серікбай Алпысов «Орталық Қазақстан» газетінің бетінде «Қамбарлар көтерілісі» деген көлемді мақала жариялады. Соған орай, редакцияға хабарласушылар көп болды. Сол келушілердің бірі Боқты көтерілісін басуға айырплан- ның қатысқанын айтып еді. Мұндай әңгімені белгілі жазушы, өлкетанушы Кәмел Жүністегі ағамыз да айтады. Ағамыздың айтуы бойынша бұл әңгімені әкесі Ыбыш Жүнісов айтқан екен. Ал, Ыбыш әкеміз үлкен қызметтер атқарған адам. Ақтоғай, Шет аудандарының аудандық газеттерінде редактор болып қызмет істеген. Көптеген танымдық мәні бар жазбалар қалдырған.

Белгілі өлкетанушы Ю.Попов өзінің «Бахтинские страницы» зерттеуінде қарқаралылық чекист Никита Зиновьевич Червовпен кездесуінде былай деп жазады:

«Был дан приказ: с бандитами вести переговоры, предлагать прекратить борьбу и сдать ся местным властям. Как правило, уговоры не действовали. Все заканчивалось перестрелками. Помню, погиб в одной из них земляк Алексей Бедрин. Для доставки оружия выбрали площадку под самолёт. Прилетел У-2 и нагнал страх на противника, который действовал отчаянно и дерзко. Были попытки прорваться в город, на окраинах постреливали. Потом, собрав солидные силы, мы начали наступление на Боқты» [6].

Айырпланның Қарқаралыға келген жылын дөп басып айта алмасақ та, жиырмасыншы жылдардың ортасында болғаны анық. Ойткені, айтып отырған Қарқаралыда айырплан жасаушы семейлік татар мен ақшатаулық қазақ жөніндегі деректер бар. Уақыты келгенде оны да жазатынымызға сенімдіміз.

Ең қызығы, сол айырпланды «Қараның қолмергендері атып түсірген көрінеді». Мұны да айтып отырған Кәмел ағамыз.

Мұндай деректің айналысқа түсуі мүмкін емес, әрине. Қайдағы бір «қараңғы қазақ» аспандағы айыр-планды атып түсірді деген сұмдық емес пе?!

Шам алып түсер болсақ, бұл деректің де ұшығына шығуға бо- лар деп ойлаймыз.

Боқты көтерілісіне қатысушыларды бандалар деп қоймай, басмашылар деп те қаралаған. Бұл деректің де өмір сүру құқы бар. Көтеріліс басылған соң жаншу операциясының қатыгездікпен өткені белгілі.

Көтерілісшілердің әйелдерін жаяу-жалпылап Балқашқа айдаған. Солардың көбісі барар жеріне жетпеген. Көтерілісшілердің бір тобы чекистердің құрығынан сытылып кеткені белгілі. Бір тобы Ресейге бет түзесе, енді бір тобы Балқаш арқылы Ферғана жазығына шыққан. Басмашы деп жүргеніміз осылар.

Байқасақ, жиырмасыншы- отызыншы жылдардағы көтеріліс орталығының бірі Қарқаралы болғанын көреміз. Ел білетін Шұбартау, Абыралы, Боқты кө- терілістеріне Тоқырауын, Шет қырғынын қосыңыз. Сол кездегі Қарқаралы дуанының аумағы Еуропаның үш-төрт мемлекетін өзіне сыйдыра алатын. Мұнда үш жыл бойы халық толқуы үздіксіз жүрді. Қызыл әскермен соғысты. Бір-екі күн емес, апталап, айлап соғысты. Соғысқа пулеметті айтпағанның өзінде айырплан қатысқан... Жан алып, жан беріскен шайқастар жүрді. Сонда бұл толқуды не деуіміз керек?

Шаруалар көтерілісі ме?!

Сол көтерілістердің бәрі де жеңілді. Неге? Қызыл әскердің мықтылығынан ба?

Жоқ! Тағы да жоқ!

Жоқ! Бүлікшілер қылша мо- йындарын қылыш астына өздері төседі. Ойткені, оларға қарсы қызыл өкімет топтап айдап қазақтарды салды, ауылдастарын салды, руластарын салды, бала-шағасын салды...

Дегенмен ол заманда да елім деген, жерім деген азаматтар болған еді. Солардың бірі, күні кеше ортамыздан кеткен ардагер ағамыз, Мыңғыштың қарасының тұқымы Сұңғат Нығметжанов Кеңес өкіметі кезінде біраз деректер жинап қалдырған еді. Сондай ақ, 2004 жылғы 12 маусымда «Қарқаралы» газетінде Әбікен Әбдіхалықовтың «Боқты көтерілісі-шерлі оқиға» атты мақаласы жарық көрді. Абыралы көтерілісінің басқарушыларының бірі Кемпірбаев Ысқақ туралы Медеу Сәрсекеевтің «Айшықты мезет» атты кітабі 1968 жылы жарық көрген. «Қарқаралы» газетіне 2012 жылғы 14 сәуірде «Боқты көтерілісінің боздақтары» атты мақала жарияланған. Міне, бұл сол оқиға туралы теңіздегі тамшыдай ғана мәліметтер. Ал, бұдан басқа жазылмай, ғылыми айналысқа шықпай келе жатқан Берікқара, Қызылтаң, Тоқырауын, Абыралы-Томар-Аққора көтерілісінің тарихи беттері өкінішке орай әлі толық ашылмай жатыр. Біз, бүгінгі аға буын өкілдері, жергілікті өлкетанушылар, азды-көпті жинақтаған материалдарымызды орайы келген жерлерде айтып та, бастырып жариялап та жүрміз. Ондағы мақсатымыз, ешбір тарих пәнінің оқулықтарында жазылмаған осы деректерді келер ұрпақ біле жүрсін, сөйтіп, еліміздің бүгінгі егемендігінің түп тарихын тереңнен білсін деген едік. Біздің заманымызда бұндай ақ тандақтар айтылмады, біз қатарлы ұрпақ өкілдері бұны ешқайдан оқыған жоқ. Осы жерде айта кету керек сияқты, 2013 жылы Қазақстан-Қарағанды телеарнасы «Боқты көтерілісі» туралы деректі фильм түсіріп, оны Қазақстан, Қазақстан –Қарағанды, Хабар телеарналарынан көрсетілуін ұйымдастырды. Боқты көтерілісі болған қазіргі Айнабұлақ ауылынан Қоскин Сейфолла қатысты, түсірушілер тобының жетекшісі Бұқарбаева Гулнәр қарындасымызға біраз деректерді мәлім етті. Осы жерде, сол деректі фильмді түсіруге ықпал еткен аудан басшыларына рахмет айта кетуді жөн көріп тұрмын. Күн тәртібіндегі тақырып келсек, 1920 жылдың аяғы 1930 жылдың бас кезінде басталған саяси қуғын-сүргін жаппай сипат алуы, экономикадағы ойсырау, халық наразылығы, Компартияның Орталық комитетінің ішіндегі саяси тартыстың шиеленісуі, И.Сталиннің оппозициямен күресті желеу етіп, 1936 жылғы желтоқсан, онан соң 1937 жылғы ақпан-наурыз пленумдарында большевиктер партиясы атынан қарсыластарға деген кең көлемдегі саяси репрессиялар жүргізуге жол берді. Құжаттардың айғақтауынша сот процесстері Қазақстан партия ұйымының және Республикалық НКВД –ның тікелей нұсқауымен ұйымдастырылды. Әрине бұл Москваның жоспарлы қырғын туралы тапсырмасын орындау мезгілі еді. Қазақстандағы сот процесстерінің ең атышулысы бұрынғы Қарқаралы округі, кейіннен Қарағанды облысын басқарғандар туралы іс болды. Соңынан «Қарқаралы ісі» деген атпен ғылыми айналысқа кірді. Қолдан жасалған бұл іс бойынша Қарағанды облыстық атқару комитетінің бұрынғы төрағасы Абдолла Асылбеков, обкомның екінші хатшысы Н. Нұрсейітов, Қу ауданының атқару комитетінің төрағасы Ф. Шамсутдинов, Қарқаралы қалалық кеңесінің төрағасы Ж. Баймолдин бар еді. Тергеу «Асылбеков тобы» деп аталып, ол кезде қамауда отырған Нығмет Нұрмақов, Сәкен Сейфуллин, Жанайдар Сәдуақасов, Ұ. Құлымбетовтер басқарған жасырын контрреволюциялық орталықтың жетекшілігімен жұмыс істеген деген қорытынды жасалып, сот барлығын ауыр жазаға кесті. 1937 жылдың 22-23 шілдесінде Қу ауданының атқару комитетінің 5-пленумы өтті. Пленум мүшелері: 1-Жүсіпов, 2-Сыйқов, 3-Жолдасбеков, 4-Көшкімбаев, 5-Шапиев, 6- Елеуов, 7- Байжуманова қатысты. Шақырылғандар: 1-Темірбаев-аудандық Бпартком секретарі, 2- Сламбеков-Қу.

Боқты көтерілісі кейбір тарихшыларымыз айтып жүргендей, тобырлардың көтерілісі емес, бұл – кәдімгідей барынша құпия ұйымдастырылып, басқасын айтпағанда, орыс-қазағы араласып, қолдарына қару алып, саяси талаптар қойған халық наразылығы, халық көтерілісі.

Сол бабалардың ерлігін тарих бетінде, ұрпақ есінде мәңгі есте қалдыру мақсатында «Бокты кө- терілісі» атты қоғамдық қор ашылды.

#### **Пайдаланған әдебиеттер**

1. Қозыбаев М. Ақ таңдақтар ақиқаты: Оқу құралы. - Алматы: - «Қазақ университеті», 1992-215 б.
2. Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейінің 2009 ж. этнографиялық экспедиция материалдарынан. // Дерек беруші Бөкеев К.
3. Ә.Әбдіхалықұлы. Бокты көтерілісі шерлі оқиға. // Орталық Қазақстан. № 255-256. (19.668). 2004 ж.
4. Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейінің 2009 ж. этнографиялық экспедиция материалдарынан. // Дерек беруші Шекенов Қ.
5. Қойгелдиев М., Омарбеков Т. Тарих тағылымы не дейді? - Алматы: Ана тілі, 1993. - 122 б.
6. <https://ortalyq.kz/bo-ty-k-terilisi-ara-shylary-kim-basmashylary-kim/> Орталық Қазақстан - Төрехан Майбас (06.04.2019)

#### **МЕМЛЕКЕТТІК ДУМА: ҚАЗАҚ ДЕПУТАТТАРЫ ЖӘНЕ АГРАРЛЫҚ МӘСЕЛЕ**

**Амантаева Н.А.**, магистрант

(Ғылыми жетекші т.ғ.к., профессор ассистенті **М.С. Амрина**)

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті  
Қарағанды қ., Қазақстан

XIX ғасырдың аяғы-XX ғасырдың басында Ресей империясы қиын кезеңді бастан өткерді. 1905-1907 жылдардағы революциялық жағдайға әкелген саяси күйреу Ресей империясының бүкіл даму жолымен және дамып келе жатқан капиталистік өндірістің феодалдық өмір салтының қайшылықтарына негізделді. Оның еріксіздігі экономиканың дамуына кедергі келтіре отырып, империя аумағындағы халықтардың толқуларын тудырды. Осы кезеңдегі ең негізгі мәселелер көшін жер бастап тұрды.

Қазақстанда жер мәселесі XIX ғасырда шиеленісе түсті. Оған 1867-1868, 1886-1891 жылдардағы әкімшілік реформалардың қазақ жерін Ресей империясының меншігі ретінде танып, великоросстар мен малоросстар қоныстануына мол мүмкіндік жасап беруі әсер етті. Ақмола облысынан 1885-1893 жылдар аралығында қарапайым халықтан 251 мың десятина жер тартып алынып, қоныстанушылардың 24 селосы қалыптасты. Жетісу жерінде 1895 жылға қарай 60-тан аса орыс шаруаларының поселкесі болды. Семей, Орал, Ақмола және Торғай облыстарынан 1893 жылдан 1905 жылдар арасында 4 млн десятина жер тартып алынып, қоныстанушыларға берілген болатын. Одан бөлек, қазақ жерінің оңтүстік-шығыс аудандарына XIX ғасырдың 70-90 жылдары ұйғырлар мен дүнгендер үшін 100 мың десятина жер алғаны тағы бар. 1896 жылы Қоныс аудару басқармасы құрылып, Жетісу, Сырдария, Ақмола және Торғай-Орал облыстарында өз жұмысын қызу жүргізді.

Қазақ жеріне тәртіп орнатуға келген казактар ең алғаш қоныс аударғандар болды. XX ғасырдың бас кезінде Сібір – 5 млн, Орал – 6,4 млн, Жетісу – 0,6 млн, Орынбор казактары – 7,4 млн десятина жерге ие болған [1].

Сол себепті XX ғасыр басындағы саяси орган Мемлекеттік Думада аграрлық мәселенің көтерілуі негізді еді. Сонымен қатар, алғашқы екі Думаның оппозициялық көпшілігінің үкіметтік бағдарламамен түбегейлі келіспеушілігі Ресей Парламентінің сайлау құқығының түбегейлі өзгеруімен екі рет таратылуының басты себептерінің бірі болды. Аграрлық проблеманы шешу жолдары туралы мәселедегі қазақ депутаттарының ұстанымы бірқатар жағдайларға байланысты болды: депутаттық корпусының этникалық және тектік-